

Дубайдағы Шопинг фестивалі аясындағы ұсыныстар бойынша сұрақтар мен жауаптар

Промоакцияның мерзімі қандай?

2017 ж. 26 желтоқсанынан 2018 ж. 28 қаңтарына дейін.

Қалай промоакция қатысушысы болуға болады?

1. Егер Сізде Visa Explore қосымшасы болмаса, оны iOS™ ОЖ құрылғылары үшін Apple Store-ден немесе Android™ құрылғылары үшін Play Market-тен жүктеп алыңыз.
2. Егер Сізде Visa Explore қосымшасы орнатылған болса, «Тағы» бөліміне өтіп, промоакцияға тіркелу үшін DSF таңдаңыз.
3. Тіркелгеннен кейін Фестиваль аясындағы ұсыныстарға қол жеткізу мүмкін болмаса, қосымшаны жаңартыңыз.

Кімдер промоакция қатысушысы бола алады?

21 жастан асқан тұлғалар – Visa қолданыстағы картасын ұстаушылар.

21 жасқа дейінгі тұлғалар промоакция қатысушысы бола алады ма?

Иә. Акцияға 16 мен 21 жас аралығындағы тұлғалар қатыса алады, бірақ олардың қатысқанға дейін немесе ұсынысты алуға дейін ата-анасының рұқсаты болуы қажет.

Қосымшаға тіркелген кезде қандай деректерді енгізу қажет?

Толық аты-жөніңіз, электрондық пошта адресі және Visa қолданыстағы картасының 16-таңбалы нөмірі.

Visa Explore қосымшасын пайдалану қауіпсіз бе?

Иә. Көрсетілген деректердің құпиялылығы сақталады. Visa Explore қосымшасына тіркелу және шарттарын қабылдау арқылы, Сіз сондай-ақ сайттағы Құпиялылық саясатын қабылдайсыз.

Қосымшаға қанша карта тіркей аламын?

1-ден 5-ке дейін.

Қосымшамен қалай жұмыс істеу керек?

Қосымшадағы DSF таңдап, Сізге қол жетімді VCoins санын көресіз. Оларды жұмсау үшін Redeem қосымша бетін ашып, Сізді қызықтыратын ұсынысты таңдау қажет. Жаңа VCoins алу үшін тізімі Earn қосымша бетінде көрсетілген акцияның 3000 қатысушы-дүкендерінің бірінде сауда жасау қажет.

VCoins деген не?

Акцияға қатысатын дүкендерден сауда жасауға жеңілдік алуға болатын виртуалды балдар.

Қалай VCoins алуға болады?

Промоакцияға тіркелген кезде қосымшада автоматты түрде 5 VCoins есептелетін болады*. Квалификацияланатын транзакция жүргізген кезде қатысушылар 1 VCoin алады.

Мысалы: транзакцияның әртүрлі сомасына есептелген VCoins саны:

Транзакция сомасы (AED)	Жиналған VCoins
1 – 199	0
200 – 399	1
400 – 599	2
600 – 799	3

*Карталарды тіркеген соң VCoins есептелу үшін 24 сағатқа дейін қажет болуы мүмкін.

Квалификацияланатын транзакция деген не?

Тіркелген картамен VCoins есептелетін дүкендерде акцияның әрекет ету кезеңінде 200 AED жоғары сомаға сауда жасау.

Қандай дүкендерде VCoins есептеледі?

Толық ақпаратты қосымшадан алуға болады. Дүкендер тізімін ұйымдастырушы өзгертуі мүмкін.

VCoins-ты қалай жұмсай аламын (пайдаланамын)?

Сіз оларды акцияның қатысушы-дүкендерінде пайдалана аласыз. Ол үшін қосымшада 5 VCoins таңдап, бірегей төрт таңбалы PIN-кодты енгізу үшін қызметкерлердің біреуіне өз смартфонңызды (немесе басқа құрылғыңызды) беруіңіз қажет. Қатысуға берілген құқық тексерілген соң, ұсыныс саудаға қолданылатын болады, ал жұмсалған VCoins қосымшадан шегерілетін болады.

1 транзакция кезінде қанша VCoins жұмсай аламын?

Қосымшадағы жеңілдіктер 5 VCoins пайдаланғаны үшін көрсетілген, жеңілдіктер жинақталмайды. Әрбір ұсыныс дәл 5 VCoins қолдануды талап етеді.

Тауарды немесе қызметті қолма-қол акшаға сатып алуға бола ма?

Жоқ. Қатысушылар ұсынылатын тауарды немесе қызметті Visa қолданыстағы картасын пайдалана отырып сатып алулары қажет.

VCoins-ты қай кезеңде жұмсай аламын?

VCoins-ты 2017 ж. 26 желтоқсаны мен 2018 ж. 27 қаңтары аралығында пайдалануға болады.

Маған VCoins балдарын есептемеді, не істеу қажет?

Ұйымдастырушымен байланысу қажет. visamarketingmena@visa.com адресіне немесе PO 25500, Dubai, United Arab Emirates жазыңыз.

Промоакция аяқталған соң қосымшада қалған VCoins қайда кетеді?

Мұндай VCoins жойылатын болады.

Әрекет ету мерзімі өткен VCoins-тың ешқандай құндылығы болмайды.

[Toggle View more](#) Көбірек көрсету Азырақ көрсету